



6 маусым  
сенбі,  
2026 ЖЫЛ  
№60 (19630)

www.7-su.kz  
Jetisy2002@mail.ru

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

МАРАПАТ



«Шамшырақ жағушылар»

ҚҰРМЕТТЕЛДІ

Аймақ басшысы келелі кездесуде ұстаздар қауымын әуелі Рәміздер күнімен құттықтап, артынша болашақтың негізін қалар ұрпақ тәрбиелеп отырған педагогтардың еңбегі турасында әңгіме тінін тарқатты.

– Халқымызда: «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы» деген асыл сөз бар. Өңір педагогтары білім саласындағы өзгерістерді қолдап, жүзеге асыруға үлес қосып, ел болашағы үшін еңбек етіп келеді. Биыл оқушыларымыз республикалық және халықаралық олимпиадалар мен байқауларда жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Осындай жетістіктің артында үлкен еңбек жатыр. Бүгін берілген мемлекеттік наградалар көпжылдық қажырлы еңбек, төгілген тер, ұлт болашағын қалыптастырудағы қарекетке мемлекет тарапынан берілген әділ баға мен шынайы құрмет, – деді Бейбіт Исабаев.

Мұнан соң, аймақ басшысы ұстаздарды марапаттады. Әкім қолынан Талдықорған қаласындағы Мұхтар Арын атындағы №24 мамандандырылған лицейдің математика пәнінің мұғалімі Зиялы Әбілова, Бактыбай Жолбарысұлы

Қазақта ұстаздан асқан ұлы мамандық жоқ. Әкім де, хәкім де, елбасы да, қолбасы да ұстазға бас иеді. «Менің атым Қожа» фильміндегі Рахманов ағай: «Ұстаз – баланың шамшырағын жаға білу керек» дейтін еді ғой. Қандай ұлы сөз?! Апта ортасында облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ Мемлекет басшысының Жарлығымен марапатталған жетісулық «шамшырақ жағушыларға» құрмет көрсетті.

Дастанбек САДЫҚ

атындағы №18 мектеп-лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Эльвира Досаева, Текелі қаласындағы №7 орта мектептің информатика пәнінің мұғалімі Виктория Комелькова «Құрмет» орденімен марапатталды. Ал Ескелді ауданындағы Жетісу орта мектебінің география пәні мұғалімі Жаркынай Болысбекова, Сарқан ауданындағы Жетісу орта мектебінің физика пәні мұғалімі Дана Жәкенова және Алакөл ауданындағы Илияс Жансүгіров атындағы орта

мектептің бастауыш сынып мұғалімі Кенжегүл Қалиева «Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болды.

Жиын барысында білім беру саласына елеулі үлес қосып, алғаш алынған ұстаздар да аймақ басшысына ілтипатын білдірді.

– Бұл марапат бір адамның емес, тұтас ұжымның, бүкіл педагогикалық қауымдастықтың еңбегіне берілген баға. Бізге артылған сенім мен жауапкершілікті ақтап, саналы әрі білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін бар күшімізді саламыз. Аймақта заманауи мектептер салынып, білім беру нысандары жаңартылу-

да. Бұл бізге жаңа технологияларды пайдалана отырып, оқыту үдерісін шығармашылықпен ұштастыруға кең мүмкіндік береді, – деді Дана Жәкенова.

– Қазіргі уақытта мұғалімдердің жүктемесі өте жоғары. Педагог тек білім беріп қана қоймай, балаларға көбірек көңіл бөліп, олармен тіл табыса білуі, креативті әрі коммуникативті болуы, сондай-ақ, қарқынды дамып жатқан жаңа технологияларды меңгеріп, оларды оқу үдерісінде кеңінен қолдануы қажет. Бұл – күн сайын табандылықпен атқарып жүрген басты міндетіміз. Президент тағайындаған мемлекеттік награда бізді одан әрі қанаттандырады, – деді Виктория Комелькова.

Жоғары наградаға ие болған «шамшырақ жағушылар» салтанатты шара соңында аймақ басшысы Бейбіт Өксікбайұлымен естелік суретке түсіп, жайдары жүзбен тарқайды.

БҮГІНГІ САНДА:

ЗАҢ мен ТӘРТІП



Дәнекерлеуші



Бақ қонып, құт дарыған



НАУҚАН

Облыста ауыл шаруашылығы дақылдары 511,8 мың гектарға себілді. Егістік көлемі өткен жылмен салыстырғанда 1,1 мың гектарға ұлғайтты. Көктемгі дала жұмыстары бүгінгі күнге толығымен аяқталды. Қазіргі уақытта шаруашылықтар тарапынан себілген дақылдарды күтіп-баптау жұмыстары жүргізілуде.

ЕҢБЕК ЕТСЕҢ, ЕРІНБЕЙ...

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, көктемгі егіс науқанын қаржыландыруға «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы шаруашылықтарға 9,1 млрд. тенге несие берілді. Облысқа бөлінген 5,2 мың тонна арзандатылған дизель отыны толығымен жеткізілді. Суармалы су барлық ауданға берілді. Шегіртке тектес зиянкестерге қарсы 59,4 мың гектар жерге химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді.

– Шаруашылығымыздағы суармалы жердің жалпы көлемі 150 гектар. Биыл оның 70 гектарына жаздық арпа, 75 гектарына соя, 20 гектарына жоңышқа ектік. Өзім егін шаруашылығымен қатар жылқы өсірумен де айналысамын. Қазіргі таңда шаруашылықта 500-ге жуық жылқы бар. Оларды



жемішпен толықтай өзіміз қамтамасыз етеміз. Шаруашылықта қажетті техниканың барлығы жеткілікті. Екінші жыл қатарынан органикалық тыңайтқыштарды қолданып келемін. Ауыспалы егіс жүйесін сақтауды да ұмытпаймыз. Әр гектардан 30 центнерге дейін арпа өнімін аламыз деп күтіп отырмыз, – деді Талдықорғандағы «Софин» шаруа қожалығы жетекшісі Александр Софин.

– Көктемгі егіс науқанында жеңілдетілген бағадағы жанармайды және тыңайтқышты толық көлемде алдық. Ауыспалы егістікке байланысты биыл жүгеріге басымдық беріп отырмыз, ал келесі жылы қант қызылшасы мен соя егеміз. Енді жақсы өнім күтеміз, оған бар қиу-жігері-

мізді саламыз, – дейді «Сәпи» ШҚ жетекшісі Төлепберген Сәпи.

Қант қызылшасын, соя, жүгері өсірумен айналысатын «Насыр» шаруа қожалығы өткен жылы лизинг көмегімен 2 арнайы тракторлар сатып алған. «Көксу қант зауыты қызылша тұқымын уақытында берді. Мемлекет тарапынан қажетті қолдаулар көрсетілді. Атап айтқанда, тұқымға, тыңайтқышқа, пестицидке 20%-дан 50%-ға дейін субсидия беріледі. Бұл – бізге үлкен көмек», – деген шаруа қожалығының иесі Насыр Каримов енді тынбай баптау жұмыстарына кірісетінін айтты.

Жалпы, облыс аумағында вегетациялық кезеңнің өтуі тұрақты бақылауда.

«ЖЕТІСУ-АҚПАРАТ»

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

19 МАУСЫМ 2026 ЖЫЛЫ 11:00

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ  
ИСАБАЕВ БЕЙБІТ ӨКСІКБАЙҰЛЫ  
КӨКСУ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН  
КЕЗДЕСУ ӨТКІЗЕДІ

Аудандық мәдениет үйі  
Балпық би ауылы, Мырзабеков көшесі, 14

Суреттерді түсірген Дмитрий Ерофеев

КӘСІБІ – НӘСІБІ



Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ



ЖАЛПЫЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚЦИЯ

«Таза Қазақстаным, таза Атамекенім!» республикалық челленджи облыстық бизнес-қауымдастығы мен өңірлік кәсіпкерлер палатасы қызметкерлерін игі іске жұмылдырды.

ОРТАҚ ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМІСІ

Сенбілік Текелі қаласындағы кәсіпкерлер аллеясында өтті. Орталық саябақта 2014 жылы кәсіпкерлер аллеясы ашылған. Осы жылдар ішінде ол Текелі қаласы бизнес-қауымдастығының бірлігі мен әлеуметтік жауапкершілігінің символы ретінде қалыптасты.

– Бұл – қаланы дамыту үшін жаңа идеялар ұсынатын жанның бастамасы еді. Сол кезде біз, кәсіпкерлер, бірнеше қайың мен шыриша отырғыздық. Содан бері ағаштарға өзіміз күтім жасадық. Ал қазір бұл жұмысты жас кәсіпкерлер жалғастыруда. Бүгінде ортақ еңбектің нәтижесін көріп, шағарды көркейтуге үлес қосқанымызға қуанамыз, – дейді Ертай Дүйсебаев.

Экологиялық бастамаларды қолдау және бизнестің қоғам үшін маңызы бар жобаларға қатысу өңір кәсіпкерлер қауымдастығының әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың маңызды бөлігі болып қала береді.

– «Таза Қазақстаным, таза Атамекенім!» челленджи – бұл жай экологиялық акция емес, кәсіпкерлерді ортақ құндылықтар төңірегінде біріктірудің үлгісі. Шараға тәжірибелі кәсіпкерлер де, жастар да қатысып жатқаны өте маңызды. Мұндай бастамалар жауапкершілікті қалыптастырып, ел дамуына үлес қосуға ұмтылыс тудырады, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Дәурен Оналбаев.

Челлендж қатысушылары қоғамдық орындардың тазалығын сақтау, аумақтарды көгалдандыру және қоршаған ортаға жауапкершілік мәдениетін қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті. Игі бастама ұрпақ арасындағы байланысты нығайтып, кәсіпкерлер қауымдастығын туған жерді құрметтеу сияқты ортақ құндылықтар төңірегінде біріктіреді.

А. БАЙЖУМАҚЫЗЫ  
Текелі қаласы



→ Сарқан ауданы

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА САБЫНЫ

Алтын Сламқожақызының қытай елінен көшіп келгеніне 4 жыл. Қазір оның шағын сауда орны бар.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Сауда нүктесінде ұлттық нақышта тігілген бас киім мен қазақы камзол сияқты түрлі бұйым сатылады. Оның бәрін өзі тігеді. Ерекше көзге түскені қара сабын. Кәсіпкердің айтуынша, ол да қолдан жасалған. Дүкен сөрелерінен басқа да заттарды табуға болады.



– Сабын жасауды анамнан үйрендім. Ол кісі маған бұл заттың қалай дайындалатынын көрсетті. Оны

алабота, ермен, сексеуіл сияқты дәрілік шөптерден әзірлейміз. Алдымен шөптер орылып, күнге кептіріледі. Сосын өртеп, күлін күні бойы суға шылап қоямыз. Құрамындағы дәрілік заттар суға шығады. Сол су қазанға құйылып, бір-екі күн қайнаған соң қоюланады. Оған шыжғырылған қойдың майын қосып, шыны ыдысқа саламыз. Сөйтіп, сабын дайын болады, – дейді Алтын Сламқожақызы.

Айтуынша, бұл өнім экологиялық жағынан таза, табиғи саналады. Мұнымен жуылған шаш жақсы өседі, тіпті қайызғақты да кетіреді. Денедегі тері кеселдеріне де ем. Көбіне оны табиғи өнімнің пайдасын білетін қыз-келіншектер сатып алатын көрінеді. Олардың көбі қалалықтар. Көрмеге де қатысып, сол арқылы өнімдері өз алушыларын тапқан.

Қандай кәсіп болсын ең бастысы – ынта мен еңбек. Адал іс ешқашан жерде қалмайды. Сондықтан колөнер мен кәсіпті қатар алып жүрген кейіпкеріміздің ісі көпке үлгі. Осындай жаңдар ауылдың дамуына өзіндік үлесін қосып келеді.

ТҮЛЕКТЕР НАЗАРЫНА!



Медициналық білім беру ұйымдарының түлектері клиникалық іс-тәжірибеге жіберілуі үшін маман сертификаттын алуы міндетті. Бұл қызмет egov.kz «электронды үкімет» порталы немесе Elicense.kz лицензиялау порталы арқылы онлайн түрде тегін рәсімделеді. Портал тәулік бойы өтініш қабылдайды.

СЕРТИФИКАТ АЛУҒА МҮМКІНДІК

Аталған сертификатты алу ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы ҚР ДСМ №274/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтарды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаттарының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы мамандықтарды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» бұйрығының негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қызмет алушыдан талап етілетін құжаттарға тоқталсақ, олар бірінші кезекте egov.kz «электронды үкімет» порталы немесе Elicense.kz лицензиялау порталы арқылы цифрлық қолтаңба расталған электронды құжат нысанындағы тапсырылған өтініш, медициналық білім туралы диплом, «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігінен өткенін растайтын құжат, мамандандыру бойынша қосымшасы бар сертификаттау курсы туралы куәлік.

Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатын алу туралы өтініш 5 жұмыс күні аралығында қаралады.

«Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті» РММ

ЕҢБЕК АДАМЫ

Шеберханадан басталған табыс

Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің география факультетін жақсы бітіріп, туған жерге оралған жас маман Жаркент қаласындағы педагогикалық училищеде өз мамандығы бойынша бірнеше жыл студенттерге сабақ беріп, ұстаздық етті. Алайда бала кезінен құмартып, жанына серік еткен сүйікті ісі – теледидар, бейнемагнитофон, радио қабылдағыш секілді аппараттардың сызбаларын зерттеу, электроникадағы ғылыми жаңалықтарды іздеп жүріп оқу, сәті түскенде оларды жөндеп, қайта құрастыру болатын. Осы машығын ешқашан тастаған емес.


Әуелде еңбегі дос-жаран, көрші-қоланың қажетіне жарап, олардың алғысына бөленді. Нарық заманына сай тұрмысымызға компьютер секілді күрделі, ақылды машиналар араласа бастағанда сол техниканы Жаркент өңірінде алғаш менгергендердің бірі де Толқын болды. Сондықтан Қорғас кедені, аудандық ішкі істер бөлімі сияқты компьютерге алдымен қол жеткізген мекемелер жоғары жалақы ұсынып, жұмысқа шақырды. Сөйтіп, Толқын Ахметшаев мұғалімдік мамандығын уақытша қоя тұрып, еңбекақысы жоғары мекемелерде бірнеше жыл бойы компьютерлерді орнатып, іске қосатын шебер ретінде қызмет атқарды. Жаркент өңіріндегі көптеген мекеме мен кәсіпорынға ақылды машиналардың

Қазіргі нарық қатынасы қолынан келер өнері мен кәсібін нәсіп етіп, тіршілік түйткілін шешіп жүрген азаматтарға қолайлы болып отыр. Соның бір айқын мысалын Жаркент қаласының орталық базарында отбасымен бірге электрондық жүйелерді жөндеу шеберханасын ашып, көптен бері табысты еңбек етіп жүрген шебер қолды азамат Толқын Ахметшаевтың тіршілігінен аңғардық.

келушілердің сұранысына қарай іс қағаздарының көшірмесін жасап, фотосуреттерін шығаратын электрондық аппараттар да жұмыс істеп, қолма-қол табыс түсіруге мүмкіндік беріп отыр.

жабдықтарын алғашқылардың бірі болып әкеліп, орнатып берген де осы азамат.

Қазір қызы Айдана мен ұлы Айдос ержетіп, әкесінің шеберханасында көмекші болуға жарап қалды. Зайыбы Бәтимаға да осы жерден жұмыс табылған. Шеберлер отбасы орталық базар төрінен арнайы ұй жалдап алып, Жаркент өңірі тұрғындарының тұрмыста қолданатын тоңазытқыш, теледидар, компьютер, бейне және радио аппараттарын жөндейтін сенімді орынға айналған. Шеберханада



Толқынның бала кезінен құмартқан ісі нарық заманында халық қажетіне жарап, өз отбасын асырауға да қолайлы кәсіпке айналды. Қала орталығындағы шеберхананың еркін жұмыс істеуіне орталық базар әкімшілігі де қолдау көрсетіп келеді. «Шебердің қолы ортақ» деген нақыл осындайда айтылса керек.

Мырзағали НҮРСЕЙІТ  
Панфилов ауданы



# ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Тәртіпсіз ел болмайды,  
Тәртіпке бағынған құл  
болмайды.  
Бауыржан MOMЫШҰЛЫ

## ЕСІРТКІ ҚЫЛМЫСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Қоғамда есірткі шегем деп есінен танып, бірсәттік қызық үшін нашаның буына шырмалғандар жыл санап артып келеді. Ең сорақысы синтетикпен сенделіп, есірткіден есі кетіп жүргендердің басым бөлігі жастар. Бүйте берсе өскелең ұрпақ бірсәттік қызық үшін апиынның құрсауында шырмалып, тағдыры инеге тәуелді болмақ. Осының алдын алу үшін облыстық полиция департаментінде «Қарасора – 2026» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы басталуына арналған жеке құрамның гарнизондық саптық жиыны өтті.



Шараға есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында қызмет атқаратын полиция бөлімшелерінің қызметкерлері қатысты.

Жеке құрам алдында сөз сөйлеген облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция

полковнигі Бауыржан Сапар алдағы жұмыстың негізгі міндеттері мен басым бағыттарын түсіндірді. Атап айтқанда, құрамында есірткі бар өсімдіктерді заңсыз өсіру дерегін анықтау және жолын кесу, есірткі жеткізу мен таратудың арналарын бұғаттау, сондай-ақ өңір аумағында есірткі қылмыстарының алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударылатынын атап өтті.

«Қарасора – 2026» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында ауқымды рейдтік жұмыстар ұйымдастырылып, ауыл шаруашылығы алқаптары мен жетугі қиын аумақтар тексеріледі. Сонымен қатар, құрамында есірткі бар өсімдіктердің өсуі мүмкін жерлерге бақылау күшейтіледі. Жедел-профилактикалық шара қазан айының соңына дейін жалғасады.

### ЕЛ ШЕБІНЕН ҮШ ХАБАР

ҚР ҰҚК шекара қызметі Алакөл аудандық шекара басқармасына қарасты «Жалаңашкөл», «Айдала», «Сарыбөктер» шекара бөлімшелерінде әйелдер кеңесінің мұрындық болуымен «Ел күзеткен ерлерге тағзым» атты мерекелі шара өтті.

Іс-шара әскери қызметшілерге құрмет көрсету, олардың ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі еңбегін дәріптеу және мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында ұйымдастырылды. Концерт барысында патриоттық рухтағы қойылым ұсынылды.

\*\*\*

ҚР ҰҚК шекара қызметі Алакөл аудандық шекара басқармасы кәсіптік және техникалық дайындық бөлімінде «Көктем – 2026» шақырылым сарбаздарына жеке қару табысталды.

Бұл жас сарбаздардың әскери өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Салтанатты шарада сарбаздарға бекітілген қарулар тапсырылып, жауапкершілік пен әскери тәртіптің маңыздылығы айтылды. Шара сарбаздардың Отан алдындағы қызметке деген жауапкершілігін арттыруға бағытталды.

\*\*\*

ҚР ҰҚК шекара қызметі «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының жеке құрамымен аға лейтенант О. Достанов қаржылық сауаттылық тақырыбында түсіндіру жұмысын өткізді.

Шара барысында әскери қызметшілерге жеке қаржыны тиімді басқару, несие мен қарыздық міндеттемелерге жауапкершілікпен қарау, қаржылық алаяқтықтың алдын алу және жинақ қалыптастыру жолдары түсіндірілді. Кездесу жеке құрамның қаржылық мәдениетін арттыруға және әлеуметтік-тұрмыстық тұрақтылығын нығайтуға бағытталды.

## СІБІР ЕЛІГІН ЗАҢСЫЗ АТҚАН

Алакөлде екі сібір елігін заңсыз атқан күдікті ұсталды. Полицияның хабарлауынша, сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күдіктінің жабайы жануарларды аулауға тиісті рұқсаты болмағаны анықталды. Соған қарамастан, ол заңды түрде тіркелген ойық ұңғылы қаруды пайдаланып, еліктерге бірнеше рет оқ атқан.

Заңсыз әрекет нәтижесінде екі сібір елігіне оқ тиген. Күдікті жануарлардың денесін бөлшектеу кезінде ұсталды.

Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының мәліметінше, мемлекетке келтірілген материалдық шығын көлемі 3,2

миллион теңгеден асқан. Қазіргі уақытта қылмыстық іс бойынша тергеу аяқталып, материалдар прокуратураға жолданды.

Полиция заңсыз аңшылық жануарлар дүниесіне елеулі зиян келтіретінін және мұндай әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік көзделгенін ескертеді.

## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ТӨНСЕ ЕГЕР...

«Өрт – 2026» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы аясында шартты табиғи өртті сөндіру және елді мекендерді қорғау бойынша практикалық шара өтті.

Оқу-жаттығудың негізгі мақсаты – өрт шыққан жағдайда азаматтық қорғау қызметтерінің дайындығын арттыру. Жоспарға сәйкес, ауа температурасының жоғарылауы мен жауын-шашынның болмауына байланысты Текелі аумағында көлемі 10 гектардан асатын шартты өрт ошағы анықталды. Өрттің орман алқабына, таулы аймаққа және Текелі қаласының тұрғын секторына таралу қаупі туындады. Жағдайдың күрделенуіне байланысты тұрғындарды эвакуациялау жүргізіліп, олар Текелі қаласындағы кәсіптік колледж базасында орналасқан эвакуациялық пунктке орналастырылды. Сонымен қатар, минералды жсолақтар жасау және елді мекенді өрттен қорғау жұмыстары ұйымдастырылды.

Шартты өртті сөндіруге Жетісу облысы ТЖД, орман қорғау мекемелері, полиция және медицина қызметтері, жергілікті атқарушы органдар, апаттар медицинасы орталығы және «Қазавиақұтқару» АҚ авиациясының күштері мен құралдары жұмылдырылды. Оқу-жаттығуға 100-ден астам адам қатысты.

Оқу-жаттығудың тәжірибелік бөлімінде орман-дала өрттерін сөндіру, халықты эвакуациялау, жедел қызметтердің өзара іс-қимылы пысықталды. Сондай-ақ, авиация мен ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалана отырып, аумаққа әуеден барлау жұмыстары жүргізілді.

БЕТТІ ДАЙЫНДАҒАН  
Дастанбек САДЫҚ



# Ә

# ДӘНЕКЕРЛЕУШІ

«Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын».

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

**ДӘНЕКЕРЛЕУШІ мамандығы индустрияландыру дәуірінде ерекше маңызға ие. Қазіргі заманда олардың еңбегін керек етпейтін саланы атау мүмкін емес. Мәселен, металл құрылымдарын біріктіру, өндірістік жабдықтарды жөндеу, инженерлік жобаларды жүзеге асыру – мұның бәрін кәсіби шебер құрыш қолымен атқарады. Сондай-ақ, бұл тек техникалық дағдыларды ғана емес, жоғары жауапкершілік пен дәлдікті де талап етеді. Өз ісінің шебері, еңбекқорлығы мен жауапкершілігі арқылы әріптестеріне үлгі болып, маңызды істің дамуына талай жылдан бері сүбелі үлес қосып келетін азаматтың бірі – Талғат СЕМБИНОВ Үшарал қаласындағы «Алакөл жылу» мекемесінде еңбек етеді.**

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

✓ **БІРІН-ШІ** дәрежелі дәнекерлеуші – пластмассаны, **ЕКІНШІСІ** – термитті, **ҮШІНШІСІ** – қарапайым дәнекерлеуді, **ТӨРТІНШІ** дәрежелі маман доғалықты, **БЕСІНШІСІ** күрделі бұйымдар мен тораптарды дәнекерлеуді жүзеге асырса, ең жоғары **АЛТЫНШЫ** санат кең ауқымды кәсіби шебер саналады.

✓ **Бұл** мамандықтың жақсы бір тұсы бар. Ол жұмысшы саналғанымен, оның қаражат табуға мүмкіндігі зор. Әсіресе, тәжірибесі мол болса. Жалақы деңгейіне дәнекерлеушінің дәрежесі де әсер етеді. Егер ол неғұрлым жоғары болса, табысы соғұрлым көп.

✓ **ДӘНЕКЕРЛЕУ** – бекіткіштерді қолданбай темірді біріктіру үдерісі. Ал дәнекерлеуші – электрлік дәнекерлеу арқылы металдарды балқытумен айналысатын адам.

## Қателесуге қақымыз жоқ

Бұл кәсіп иелерінің өнеркәсіптік өндіріс орындарына, құрылысқа, энергетикаға, автокөлік пен ауыл шаруашылығына, мұнай, газ өңдеу компанияларына, әртүрлі қызмет көрсету ұйымдарына, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына, басқа да мекемелерге жұмысқа орналасуға мүмкіндігі бар. Әсіресе, биік ғимараттар мен тұрғын үйлерді салуға қолданатын темір бұйымдары құрылымдарының беріктігі мен төзімділігі тікелей осы шебердің атқарған ісіне байланысты. Сондықтан бұл жұмыста қателікке жол беруге мүлде болмайды. Бір маманның шалалығы бүкіл жұмысты желге ұшырып немесе соңы қайғылы жағдайға әкеп тіреуі әбден мүмкін.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары компьютерлік технологияның қарыштап дамуы кезеңінде кенселік жаңа кәсіптер пайда болды. Сол уақыттары жұмысшы мамандықтарының беделі күрт төмендеп, еңбек нарығында тапшылық сезіле бастады. Жастар мұндай салада оқып, білім алғысы келмеді. Оның үстіне төленетін еңбекақысы төмен, жұмыссыз қаламын, мансаптық көтерілуге мүмкіндік жоқ дегенді алға тартып, жаппай жоғары білім алуға тырысты. Ал қазіргі кезде мүлде олай емес. Керісінше, ел экономикасы көтерілген сайын жұмысшы мамандықтарының беделі артып, мәртебесі көтеріле түсті. Олардың екі қолға бір күрек тауып кетуі үшін жан-жақты жағдайлар қарастырылуда. Оған ел Президентінен бастап, көптеген еңбек орындарының жетекшілеріне дейін көңіл бөліп отыр. Өйткені, елімізде осы сала бойынша еңбек ететін маман тапшы. Сол себепті кәсіби еңбеккер кез келген өндірісте ауадай қажет әрі еңбек нарығында жақсы бағаланады.

Қазіргі таңда көптеген компания өндірістігі қиындыққа дайын дәнекерлеушілерді іздейді. Осыған байланысты оларға орташа жалақыдан жоғары еңбекақы ұсынылады. Сондықтан тәжірибесі мен дағдысы қалыптасқан кәсіби шеберлерге төленетін жалақы көңілге қонымды. Әуелі жоғары дәрежелі кәсіби мамандардың басқарушылық лауазымға дейін көтерілуге мүмкіндігі бар. Олар орта арнаулы оқу орындарында, сондай-ақ біліктілікті арттыру немесе қайта даярлау курстарында оқытылады. Бүгінде дәнекерлеушілердің қорғаныс құралдары жақсарып, жұмыс киімдері жаңартылып жатыр. Бұл денеге жүктемені азайтып, жаракаттар алуға жол бермейді.

## Кәсіпке қадам

Үшарал қаласының әлеуметтік-экономикалық тыныс-тіршілігінде жылу жүйесінің тұрақты жұмыс істеуі ерекше маңызға ие. Қысы қатал, жазы қоңыржай өңір үшін жылу беру мекемелерінің атқаратын істері жауапкершілікті талап етеді. Талғат Амангелдіұлы – еңбек жолын қарапайым жұмысшы ретінде бастап, кәсіби шеберлігі мен табандылығының арқасында ұжымда беделге ие болған маман. Ол өндірістегі әрбір тапсырмаға үлкен жауапкершілікпен қарап, техникалық талаптарды жетік меңгерген. Алакөл жылу мекемесінде ұзақ жыл қызмет еткен шебер тек өз міндетін адал атқарып қана қоймай, жас мамандарға бағыт-бағдар беріп келеді. Оның еңбек жолы – жауапкершілік пен үздіксіз ізденістің айқын көрінісі.

Жылу саласы – тек техникалық білімді ғана емес, төзімділік пен ұқыптылықты қажет етеді. Ал дәнекерлеуші мамандығы – физикалық күшті ғана емес, жоғары дәлдік пен төзімге баулитын күрделі кәсіп. Қазіргі таңда кейіпкеріміз жылумен қамтамасыз ету жүйелерінің үздіксіз әрі қауіпсіз жұмыс істеуіне үлес қосып келеді. Әсіресе, қыс мезгілінде әрбір қазандық пен құбырдың дұрыс жұмыс атқаруы – мыңдаған тұрғынның жайлы өмір сүруіне тікелей әсер етеді. Осы тұрғыда дәнекерлеуші сынды мамандардың еңбегі өлшеусіз.

## Тәжірибе мен жауапкершілік

Өңірдегі жылу жүйесінің тиімділігі көбіне тәжірибелі мамандарға байланысты. Шебер дәнекерлеуші – осындай сенімді тіректердің бірі. Оның

көпжылдық тәжірибесі апаттық жағдайлардың алдын алуға, жүйелі тексерістер жүргізуге және жаңа технологияларды енгізуге ықпал етеді. Әсіресе, соңғы жылдары жылу жүйесін жаңғырту, энергия үнемдеу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарда оның кеңесі мен тәжірибесі үлкен рөл атқарады. Ол тек орындаушы емес, сонымен бірге ой-пікірін ашық білдіретін, жаңашылдыққа бейім маман ретінде ерекшеленеді. Ал әріптестері оның сабырлылығы мен еңбекқорлығын ерекше бағалайды. Өндірістегі қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтай отырып, әрбір істі жүйелі әрі сапалы орындау – оның басты ұстанымы.

Еңбек адамының шынайы бағасы – оның ұжымдағы беделімен өлшенеді. Талғат Амангелдіұлы әріптестері арасында сыйлы, жастарға



## Маман аймағы:

– «Алакөл жылу» мекемесінде дәнекерлеуші қызметін атқарып келе жатқаным 20 жылдан асты. Бұл менің шыңдалуыма үлкен септігін тигізді. Бүгінде бесінші дәрежелі дәнекерлеушімін. Біздің жұмысты оңай деуге болмайды. Құбырлар мен металл конструкцияларын сапалы жалғау, апаттық жағдайлардың алдын алу, жабдықтардың ұзақ мерзім қызмет етуін қамтамасыз ету – осының бәрі біздің атқарған ісімізге тікелей байланысты. Жұмыстың сапалы орындалуына денсаулықтың мықты болуы да әсер етеді. Кей кездері ауа-райының қолайсыз күндерінде, ылғалды, сыз жерлерде, тіпті, биікте жұмыс істеуге тура келеді. Бұл азға кері әсерін тигізеді. Сол себепті медициналық тексеруден өтіп тұрамыз. Өйткені, денсаулық жағдайына қарсы келетін ауру түрлері болады. Мысалы, ұзақ жыл еңбек еткен шебердің созылмалы ауруға ұшырау қаупі бар. Көбінің көру қабілеті нашарлайды, тірек-қимыл қозғалысында проблемалар туындайды, жүрек-қан тамырлары сыр береді, психикалық және аллергиялық реакциялар байқалады. Яғни, мұндай мамандық өте төзімді адамдарға ғана жарамды, – дейді Талғат Амангелдіұлы.



**ҚАЗІР** елімізде жұмысшы мамандықтарға деген сұраныс артып отыр. Осындай кезеңде Талғат Амангелдіұлы сияқты білікті мамандардың атқарып жүрген қызметі қоғамға аса қажет. Олар ел экономикасының дамуына нақты үлес қосып, өндірістің ілгерілеуіне жол ашып отыр. Мұндай азаматтар барда өндіріс те, ел де дамуын тоқтатпайды. Сондықтан, **ЕҢБЕК АДАМЫНА** доғат құрметті артық түр, **БӘРІМІЗДІҢ** ортақ міндетіміз. Оларды насихаттау арқылы жас ұрпаққа үлгі көрсетеміз. Үшарал қаласының тыныс-тіршілігінде өзіндік орны бар кейіпкеріміз әлі талай ел игілігіне қызмет ететініне сенеміз.

Үшарал қаласы,  
Алакөл ауданы

# Бақ қоныс, құт дарыы және

## АУЫЛ – ҰЛТЫ-

мыздың ұйытқысы, адам-заттың кең дүние есігін ашып, өмірге келген жері. Бізге дейін сан толқын ұрпақтың кіндік қаны мен маңдай тері тамған киелі мекені. Дүниедегі ең құдіретті жан АНА болса, ауыл да барлық халықтың анасы, тіршіліктің нәрі. Берекесі мен бірлігі жарасып, ауылы аралас, қойы қоралас, бақ қонып, құт дарыған алақандай ғана Бақалының бүгінгі келбеті, ауылдастардың тірлігі кейінгі ұрпаққа өнеге, көпке үлгі болары анық.

Олай болса, біз ат басын бұрған ауылдың бүгінгі келбетімен сіз де таныс болыңыз, құрметті оқырман.

### Еңлік КЕНЕБАЙ

Қазір көптеген елді мекенде жана мектеп пен балабақша, медициналық қызмет көрсету пункті, көшелер жарықтандырылып, жолдар жөнделіп, тұрғындардың өмір сүру деңгейі артып келеді. Мұның бәрі ауылдың гүлденуіне және халықтың әл-ауқатының жақсаруына ықпал етеді. Бірақ кей ауыл «Бізге мектеп, балабақша керек» деп алақан жайып, бар жүкті мемлекеттің мойнына арта салуға үйренген. Ал біздің нысанға ілінген өңір мемлекетке тек өздері салған нысандардың құжатын заңдасырып беруді ғана өтінеді. Алайда іс осы құжатқа кеп тірелгенде біраз қиындық туғызғанынан да хабардар болдық.

Бақалының ортасынан жеке кәсіпкер Қасенали Нүсіпұлы бұрын дүкен болған ғимаратты алып, балаларға арнап заманауи спорт кешенін салып берген. Ішінде түрлі жаттығуға арналған құрал-жабдық толығымен бар. Балалар уақытын тиімді әрі пайдалы өткізетін нағыз ауылға қажетті спорт кешенінің құжаттары жауапты сала мамандарының қолына өткен. Алайда «пайдалануға рұқсат» деген тілдей бір рұқсатқағазының жоқтығына байланысты есігі тарс жабық. «Балалардың демалыс уақытын тиімді өткізу үшін, спорт кешенінің құжаттарын тездетіп жөндеп берсе. Көк байрағымызды көкке желбірететін нағыз спортшы балалар ауылда емес пе? Ендеше, болашақ спортшылардың бағын байламайық» деген ауылдастардың тілегі орындалар күн де алыс емес шығар деп сенейік.

Бақ қонған мекеннің басты байлығы – оның еңбеккер тұрғындары. Таңның аттысы, күннің батысына дейін тынымсыз еңбек ететін шаруалардың атқарар жұмысы қыруар. Олар қара бастың қамын емес, елдің ертеңін ойлаудан шаршамайды. Егін егіп, мал бағып, адал еңбектің арқасында ауылдың берекесін арттырып отырған жандардың бүгінгі ілкімді істеріне қарап тамсанып, тандай қақпау мүмкін емес.

Үлкендер бастамасымен құрылған қауымдастықта ауыл жанашырларынан 9 адам тіркелген. Төрағасы – Ерлан Токмурзин. Олар ауыл халқы үшін барлық жағдайды жасауға біркісідей атсалысады. Ауылды дамыту жоспары да бар қауымдастық алқаларынан шыққан ұсыныс-тілек ешқашан аяқсыз қалған емес. Бір сөзбен айтқанда, ұсыныс айтылып, таспырма беріледі, көп ұзамай орындалады. Еңбеккер ауылдастар бағыр бабамыз Бауыржан Момышұлының «Елім деп егіліп, жұртым деп жұмылып еңбек ет» деген бірауыз нақыл сөзін басты ұстанымға айналдырған.

– Ауыл – азаматымен ажарлы. Біздің елдің жегіттері – нағыз мәрт жегіттер. Олар кіндік қаны тамған ауылына қашанда жанашыр. Алақандай ғана мекенімізді көркейтуге, жандандыруға бәріміз атсалысудамыз. Қазақтың берекесі де, бірлігі де – ауыл ғой. Ауылдан адам көшкенмен, адамнан ауыл көшіпейді. Әрбір қазақ баласының жүрегінде туған жерге деген махаббат алаулап тұрады десем, артық айтқандық болмас. Біз қариялар осы берекенің бастауы болып, жастарға үлгі-өнеге көрсетіп, тектекті тезге салудан шаршамаймыз. Ауылдан бақ та, береке де кетпесін деп тілеймін, – дейді Бақалы ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қозы Бекбағыров.

Ұлттық тәрбиенің ордасы берекелі ауыл. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, қонақжайлық пен бауырмалдылық сияқты асыл мінез де қасиетті мекенде ерекше сақталған. Бұл ауылдың балалары да еңбекке ерте араласып, адамгершілік құндылықтарды, бауырмалдықты бойына сіңіріп өсіп келеді. Сондықтан болар, ауылда қолға алынған қандай да бір істің басы қасында жасы да, жасамысы да жүреді.

Ауылдағы ағайынның бір жағына шығып жүрген кәсіпкерлер Бағлан Қасенұлы мен Берікбол Қабдолданов қатымхана салып берген. Енді бақалылық тұрғындар көпшілікке арнап ас берсе басқа ауыл

«Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы. Бұдан артық рахат табылмайды» деп ақиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлаған ауыл жайлы әңгіме айту, кез келген далалықтың парызы нәм міндеті. Руханиятымыздың темірқазығы, ұлттық құндылығымыздың алтын бесігі, береке мен байлығымыздың бастауы болған ауылдың таза ауасын жұтып, тұнық суын ішіп, көркем табиғатынан құат алып өскен әрбір азаматтың бүгінгі тірлігі көпке үлгі-өнеге. Төрт түлігін түлетіп, егістігін жайқалтып, шаруасын өрге сүйреп отырған елді мекен – бүтін бір елдің асыраушысы. Әңгімемізге арқау болған Бақалы ауылынан ырыс-береке, бақ-дәулет кетпесін деп тілейміз.

Бақалы ауылы,  
Сарқан ауданы

я болмаса аудан орталығына барып әу-реленбейді. Оның үстіне 1993 жылы туған ұл-қыздар қатымханаға ауа салқындатқыш орнатып, жайлы жағдай жасап қойған. Мешіттің ішкі құрылысы, еденіне төселген кілем де толық жартылған.

Қауымдастық өкілдерінің айтуынша, 1970 және 2000 жылы туған азаматтар ауылға саябақ салу үшін 17 миллион теңге қаржы жинаған. Үлкен-кіші ақылдасып, саябақ құрылысын да бастап кеткен. Олардың арманы – алып шары Алматыдағы Президент бағындай етіп Бақалының қак төріне саябақ салу. Бүгінде жоба бойынша тас төсеніштер төселіп, гүл егетін арнайы орындар дайындалуда. Тіпті, ауылдан көшіп кеткен, алайда бір бүйрегі бұрып тұратын жерлестер түрлі ағаш көшетімен, гүл тұқымымен қамтамасыз етуді өз мойнына алған. 1984 жылы туған қыз-жігіттер сахна салып, заманауи музыкалық құрылғыларды тарту еткен. Күні кеше ғана Алматы қаласынан өнерпаздар келіп, ауыл жұртшылығына концерт ұйымдастырып, сахна салтанатты түрде ашылған. Енді еліміздің болашақ жұлдыздары өнерлерін дәл осы сахнада көрсететін болады.

Біз барған сәтте мешіттің есік алдында жөндеу жұмыстары жүріп жатты. Шалғайда жатқан ауылда осыншама тірлік істеліп жатыр десе, бірі сенер, бірі нанбас. Бірақ ақиқаты – осы.

– Халықты имандылыққа шақырып, ізгіліктің дәнін себуге, ағайын-туеістың бірлігі мен берекесін арттыратын киелі орын мешіттің құрылысына биыл ерекше мән берудеміз. Енді мешіт жанындағы тазару бөлмесінің құрылысы басталды. Әсіресе, ертеректе көшіп кетіп, кейін өмірден өткен соң аманатымен ауылға кеп жерлеу рәсімін өткізетін жандар үшін марқұмды арнайы жүйіндіратын орнын да жасадық. Соңғы жылдары мектеп бітіргендеріне 10, 20, 30, 40 жыл болған тұлғалар бар алғысын ауылға арнап жатыр. Олардың әрқайсысының атқаратын өз жұмыстары бар. Мәселен, жоғарыда аталған құрылыстың жұмысы 1981 жылғы азаматтардың енісінде. Олар өртке қауіпті құрылыс материалдарын арнайы Тараз қаласынан тапсырыспен алдырды. Құрылыс жұмыстарын ауыл азаматтары бірігіп атқарамыз. Біздің ең басты мақсатымыз – ауыл халқы үшін қолайлы жағдай жасау, – дейді жанашырлар қауымдастығының төрағасы Ерлан Айтқұлұлы.

Бақалының қасиетті топырағына кіндік қаны ішкен әрбір перзент ауылдың көркеюіне өз үлесін қосуды азаматтық парызы санайды. Сондықтан болар, қолға алынған әр ігі бастамаға еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін атсалысады. Әсіресе, бүгінде жойылып бара жатқан АСАРЛАТЫП ІС БАСТАУ тұрғындардың күнделікті жұмысы. Асарлатып 40 шақты түтіні бар ауыл балаларына арнап жана мектеп, дәрігерлік пункт салу – ауызбірлікті тұрғындардың ғана қолынан келетін шаруа. Бірнеше жыл бұрын қауіпті мектепте білім алып жүрген балаларды ойлаған ауыл белсенділері Тасқұдық ауылына жаңа мектеп салған. Аталмыш мектепте 15 бала білім алуа.

– Әрбір тұрғын балалардың болашағын ойлайды. Еліміздің ертеңі саналған жастар жан-жақты болып өссе дейді. Осы жанашырлықтарын сөзбен емес, іспен дәлелдеп жүрген тұрғындарға мың алғыс. Қалада жоқ заманауи мектеп біздің ауылда бар. Күні кеше жаңа жерлесіміз Мақсат Қабашев мектепті ағарту, сырлау жұмыстарына арналған құрылыс материалдарын тарту етті. 1992 жылы туған азаматтар раушан гүлдерін сыйлап, мектеп маңайын абаттандыруға қолұшын берді. Жаңа мектеп ашығанда аудандық білім бөлімінен интерактивті панель және парта берілген. Қалған қажетті заттың барлығы азаматтардың демеушілігімен алынды. Мектеп құрылысына қол созған ауыл жұртшылығына алғыстан басқа ештеңе айтпаймын, – дейді Тасқұдық бастауыш мектебінің меңгерушісі Құралай Антова.

Тасқұдық ауылында дүние есігін ашқан, көпшіл, ағайынмен қауымдасып, «ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деп жүрген белсенді азамат Ерлан Токмурзин 1997 жылы қалаға қоныс аударады. Заңгер маман түрлі салада еңбек етіп, кәсіпкерлікке бет бұрса да ауылға деген сағынышы 2016 жылы туған жеріне көшуіне себеп болады. «Ауылым – алтын бесігім» деп келген жетелі ұл әкеден қалған киелі жерін, малын қарап, қоғамдық жұмыстарға белсене араласалды.

– Қазақтың берекесі – ауыл. Қазір Бақалы ауылдық округіне қарасты Бақалы, Тасқұдық, Қазыбаев және екі бөлімше бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жүрміз. Бәрімізді бір арнаға тоғыстырған – ауылдың қасиеті. Ауыл шетіндегі шабындық ақысын әр түтінге теңдей етіп бөліп береміз. Қоржында қалған артылған қаржы ауыл шығынына да жұмсалады. Ауыл азаматтары бірігіп балалар ойнайтын алаң, стадион салдық. Қазір 30 түп шырша егіп, тамшылатып суару әдісімен күтіп-баптап жүрміз. Ауылға көшіп келетін деген жандар болса өз алдына үй етіп, ұсақ малын, сауынды сиырын беріп, өзекке теппей, бауырымызға басамыз. Ауылға кіреберістегі үлкен арқаны да өзіміз жасаттық. Қонақжайлылығымызды танытайық деп арнайы қазақ үйі де орналастырдық. Жоспарымызда әлі де біршама жұмыс бар. Ауылымыз Алматы – Өскемен республикалық тасжолының бойында орналасқандықтан көлік жөні өтеді. Жауапты құзырлы органға бейнебақылау камералары орнатылса деген ұсыныс-тілек айтқым келеді. Себебі дәл сол маңда жол-көлік оқиғалары жиі орын алады. Ағайынның осы бірауыз тілегі ескеруісіз қалмаса екен дейміз. Ауыл мақтаныштары болып жүр-



– Ауыл дегенде жүрегі елжіремейтін қазақ жоқ шығар, сірә?! Туған жерімнің күн санап көркейіп, құлшырып жатқанын көріп алыста болсам да қуанып, тілекші боп жүремін. Ауылды көтеру – әр қазақты қадірлеу деген ұлттық ұстанымды көрсетеді. Әрбір адам өзінің өсіп-өніп шыққан ауылына игі қадамдар жасауды атамекенге деген перзенттік парызы санауы керек. Ауызбірлігі бұзылмай, қазаққа қалпын сақтап, бауырмашылдығымен біраз тірлік істеп жүрген ауылдастарыма аналық жүрегіммен алғыс айтамын. Осындай береке, татулық, бауырмалдық алтын бесігіміз ауылымыздан үзілмесе деймін.

Роза  
ЖЕКЕМБЕКОВА

ген Ербол Дүйсебаев, Айдархан Жасболатұлы, Нұрбек Мүлкібаев, Үсен Мамырбаев, Дидар Аманқұлұлы сынды мәрт жегіттер қазақта көп болса, ауылдың шаңырағы ешқашанда шайқалмайды, – дейді ел үшін туған азамат Ерлан Айтқұлұлы.



• Суреттерді түсірген Жұмабай МҮСАБЕКОВ



Халық жазушысы,  
Мемлекеттік сыйлықтың  
және тәуелсіз «Тарман» сый-  
лығының иегері Қабдеш Жұмаділовтың  
қаламынан 10 роман, 21 повесті, 70-тен  
астам әңгіме тұрды. Ал оның Қазақстанның  
қоғамдық-саяси, әлеуметтік өміріне арналған  
публицистикалық мақалаларының өзі бірнеше  
томға жетерлік дүние. Бүгінгі күні оның  
шығармалары толық жиырма томды қамтитын  
мол мұра. Оның барлық шығармалары қазақ  
әдебиетінің алтын қорына енген қазына десе  
болады. Сондықтан да Қабдеш Жұмаділовты  
классик, барабдал сөз зергері, қазақтың  
ұлы жазушысына айналды десек  
артық емес.

# Рухани жаңғыру кітап оқудан басталады

Ұлтымыз бен ұлысымыз, тіліміз бен діліміз, дініміз үшін басын бәйгеге тігіп, тарихымызды қара күйден тазартып, елдік рухымызды көтеру жолында жасаған жанкешті еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Өйткені оның барлық шығармаларының негізінде ел тағдыры, әділдік пен адалдық жатыр. Сондықтан да Жұмаділов шығармалары өміршен.

Ел тағдыры мен жер тағдырын басты тақырыпқа айналдырған қаламгер Үржар, Тарбағатай, Аягөз, Зайсан аудандарының және Алматы қаласының Құрметті азаматы атанды.

Биыл Қазақстанның Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтың 90 жылдығына орай жазушының әдеби еңбектерін еліміздегі және шетелдердегі қалың оқырманға кеңінен насихаттап, азаматтық тұлғасы мен ізгі істерін өскелең ұрпаққа үлгі етіп, есімін есте мәңгі қалдыру мақсатында мәдени-ағартушылық нысандарға атын беру мәселесі өкімет тарапынан арнайы қаулымен қолға алынып, көптеген іс-шара жоспарланған.

Соның бір көрінісі ретінде Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Ұлттық академиялық кітапхана мен Қазақстанның кітапханалар қауымдастығының ұйымдастыруымен «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясын өткізуге Қабдеш Жұмаділовтың «Тағдыр» романы таңдалды.

Әкем қазақ әдебиетіне Шығыс Түркістандағы қазақтардың өмірі мен тағдыры туралы тақырыпты әкелген жазушы. Сол тұстағы тырнақалды шығармасы «Қаздар қайтып барады» деп аталатын әңгімесі. Қытай қазақтарының тағдыры жайлы «Көкейкесті», «Соңғы көш» туындысы да оқырманын баурап алды. Қазақ халқының тағдыры мен азаттық жолындағы күресі суреттелген «Тағдыр» романы Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықты иеленді.

«Тағдыр» 1989 жылы жарық көрген. Ол кезде мен ҚазМУ-дің тарих факультетінің 4-курсын тамамдап жатқанмын. Сол жылы отыз күндік әскери жаттығудан өтуіміз керек. Жаңа басылып шыққан «Тағдырды» оқимын деп өзіммен ала барғанмын. Оқып жатқан қолымдағы кітапты көрген жолдастарым таласып-тармасып, кезекке тұрып оқыды ғой. Әр адамға бір күн, бір түн беріледі. Бір жарым айдың ішінде отыздан аса адамның оқып шыққаны есімде. Одан алған әсер қандай?! Қол боста талдайтындары сол кітап. Демежанның тұлғасы, қазақ халқының тағдыры, салт-дәстүрі мен ғұрыптары. Шығармадағы ұнаған эпизодтармен бөліседі. Әсіресе Шауешекте бәсекелес екі көпестің баске самаурынды ақшамен қайнатып, әлемдегі ең қымбат шайды ішкізетін жері таңқалдырған еді. Әйтеуір әскери жаттығу біткенше менің қолыма кітап тимеді.

1980 жылдардың аяғы коммунистік идеология дағдарысқа ұшырап, бұрын айтуға тыйым салынған тақырыптар ашыла бастады. Алаш зиялыларының ақталуы, тоталитарлық жүйенің қайшылықтары, сталинизмнің озбырлығы,

тағы басқа өзекті тақырыптар көтеріле бастаған. Осы кезде Жұмаділовтың шығармалары үлкен сұранысқа ие болды. Жалпы, тарихшылар бара алмайтын тақырыптарды жазушылар ашады. Мысалы, І. Есенберлиннің «Көшпенділері», Мағауиннің «Аласапыраны» жанкештілікпен жазылған.

Ал әкеміздің қаламынан туған шығармаларды жұрт іздеп жүріп оқыды. Ол занды да. Өйткені ол заманның адамдары кітапқұмар еді. Әр шопанның етігінің қонышында не кітап, не «Жұлдыз» жорналы жүретін. Ал Жұмаділовқа құмартатыны – кітаптарында шындық пен әділдіктен ауытқымады және шығармаларының басты тақырыбы ұлттың, елдің, тарихи тұлғалардың ғұмыры. Сюжетте орбитін оқиғалардың бәрі өмірден алынған.

Қазір ойлап қарасам, бар абырой, атақ пен даңққа өз еңбегімен жеткен әкем өте еңбеккер адам еді. Әңгімені шегелеп қойғандай қозғалмай отырып жазатын. Бірақ жазғанда «не болса да бүгін бес бет жазуым керек» деп өз-өзін артық қинамайтын. Оның айтуы бойынша шығарма жазылмау керек, туу керек. Сіздің миыңыздағы идеяңыз ізденуге итереді, материал жиналады, деректер сарапталды. Осының бәрі шығарманың жазылуы алдындағы үлкен дайындық жұмысы. Сол ойынды әлден қорытып, түйсініп болған соң шығарма туу керек.

Қаракерей Қабанбай мен оның заманын сипаттайтын екі томды «Дарабоз» романы жазылып жатқан кезде бір ағайындар шетел асып қыдырып қайтайық дегенде әкеміз: «Әй, жігіттер, бармай-ақ қояйын, мазаламандар. Мен қазір Қабекеннің қасында жүрмін», – деген екен.

Әкемнің барлық шығармаларын анамыз Сәуле Әукеқызы өз қолымен машинкамен теретін. Ол кезде компьютер деген жоқ, бір жазғанын үсті-үстіне қарап түзей беретін. Әкеміз машинкаға түскенге дейін әр шығармасын бірнеше рет көшіреді-ау. 200-300 бетті кейде одан да көп қолжазбаны редакциялап қайта-қайта көшіру қанша шыдамдылық пен қажырлықты, сабырлықты қажет етеді. Өзінің «труд прозаикам, слава поэтам» дейтін бір сөзі бар еді. Жалпы жазушының шығарма жазу технологиясы «Таңғажайып дүние» деген өмірбаяндық романында айтылған. Қызық!

Әкеміздің ел ішін, жайлау-жайлауды аралап материал жинап жүргені есімде. Сол сапарларына мені де кішкентайымнан ертіп жүретін. Енді ұқтым, оны бойымызға қазақы болмысты дарыту үшін жасаған екен ғой.

Қабдеш Жұмаділовтың бірқатар шығармалары басқа тілдерге де аударылды. Солардың ішінде «Көкейкесті», «Соңғы көш», «Атамекен», «Дарабоз» романдары мен хикаяттар топтамалары орыс тіліне аударылып басылған. Жекелеген әңгіме, хикаяттары қырғыз, өзбек, ұйғыр, украин, белорус, грузин тілдерінде, «Соңғы көш» романы түрік тілінде жарық көрді.

Жалпы, әкеміздің кітаптары оңайшылықпен басылып шықпайтын. Міндетті түрде бір мәселе туатын да тұратын. Кейде өмірлік себептер болса, кейде көреалмаушылық, қызғаныш сияқты адами пендешілік салдарынан кешігіп шығатын.

«Соңғы көш» жазылып болған соң бірден басып шығара қойған жоқ. Тоталитарлық жүйенің үрейі әлі бар кез. Қытай қазақтарының тағдыры туралы бұл жердегілер білмейді екен. Тақырып пен кітаптың идеясы КСРО сыртқы саясатына қайшы келмей ме екен деген күдік

туындаған. Содан романды басып шығару үшін әкемізге Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен рұқсат алып келіңіз деп қайтарып жібереді. Тиісті органдар ондайға құзырымыз жоқ деп ат-тонын алып қашты. Олар кітапты орыс тіліне аударып Ленинградтағы Шығыстану институтына жіберіңіз, рұқсат керек болса солар анық-қанығын айтар деп ақылдарын айтты.

Содан «Соңғы көш» орыс тіліне «подтрочный переводпен» аударылып Ленинградқа жіберілді. Қателеспесем, жарты жылдан соң «шығарма еліміздің сыртқы саясатымен үйлеседі. Баяндалған оқиғалар тарихи шындыққа жанасады, басуға болады» деген өз пікірмен қайтып келді. 1974 жылы сол хатты алып әкеміз «Жұлдыз» журналының редакциясына барған ғой. Ол кезде журналдың редакторы Шерхан Мұртаза. Сол хатты бірінші бетке қойып «Соңғы көшті» журналдың бірнеше нөміріне жариялаған екен.

«Соңғы көшті» мен жоғары сыныпты жүргенде оқыдым. Алған әсерім туралы айтсам бір сөзбен жеткізу қиын. Біріншіден, үлкен қызығушылық болды. Өйткені мен оны әулетіміздің, елдің, жердің шежіресі ретінде қабылдадым. Екіншіден, кейіпкерлердің мінезі, оқиғалардың желісі бірден иіріп әкетеді. Өзінді кейіпкерлермен бірге, сол оқиғалардың арасында жүргендей сезінесін. Бойымдағы қазақы мінез, ұстанымдардың қалыптасуына шығарманың ықпалы ерекше. Жалпы, кітап оқыған адамның ойлау жүйесі өзгереді, бойына ұлттық рух біте бастайды.

Осы жөнінде бір оймен бөлісейін. XX ғасыр қазаққа опа-қайыр әкелген жоқ. Большевиктердің сценарийі бойынша қазақ халқы өзінің ұлттық болмысынан айырылып тұқымы тұздай құру керек еді. Қазақ жастары тарихи жадынан айырылып, орыстілді мәңгүрттерге айналып жатқан кезде, 1986 жылы желтоқсанда алаңға итеріп шығарған қандай күш?! Жастар ұлттық болмысы мен ұлттық рухы қалай сақтап қалды? Ол әдебиеттің күші! Есенберлиннің «Көшпенділерін» оқып қанша қазақтың саналы жас ұрпағы өсті! Әкеміздің айтқаны бар: «Рухани жаңғыру кітап оқудан басталады!».

Мамандығым тарихшы. Тарих пәнінің оқытушысы болуыма тікелей әкеміздің шығармалары әсер етті. Оқу бітірер кезде диплом жұмысының тақырыбын анықтап берген әкем еді. «Қандай тақырып алайың?» деп ақылдасқанда ол кідірместен «Қазақ-қытай қарым-қатынастарын» ал деп өз тақырыбын ұсынды. Ал 1990 жылы университетті аяқтап, Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында еңбек жолымды бастап, айна-

Р.С.

Жыл аяғына дейін әлі талай іс-шаралар өтеді. Абай облысының әкімдігі Таскескен, Үржар, Семейде бірқатар іс-шаралар ұйымдастырып жатыр. Оңымен болсын! Жазушының қалың оқырманы әртүрлі бастамалар көтеріп жатыр. Солардың бірі – Қабдеш Жұмаділов күнбестінің алдына Семей облысының аудан орталықтарының біріне немесе Семей қаласында жазушыға арнап ескерткіш тұрғызу. Бұл қалың оқырманды разылыққа бөлеп қана қоймай бүкіл облыс жұртшылығының рухани дүниесін жаңғыртуға серпін беретін еді. Бұл бастаманы жазушының есімін ерекше құрметпен қабылдайтын Абай, Шығыс Қазақстан, Жетісу облысының халқы қолдайтыны сөзсіз.

Арман ҚАБДЕШҰЛЫ  
Алматы қаласы

лысатын ғылыми тақырыбымыз этномәдени үдерістерге қатысты алайын деп жатқанда әкем тағы да «уақытша тақырыптарды қайтесін, алсан қазақтың қару-жарағын зертте» деп ақылын айтты.

Жалпы, әкеміздің басты ұстанымы әрқашан әділдік жағында болу. Өзінің ұстанымдарына қарсы шықпау. Мысалы, әкеміздің билікті сынаған бірқатар мақалалары мен әңгімелері бар. Сол жақпады ма, жеті жылдай Халық жазушысына берілетін стипендия тоқтап қалды. Сонда жоғарыдан біреулер арқылы: «Бірауыз жылы сөз, мадақ айтыңыз атақ та, даңқ та, дүние де болады» деген ұсыныс келді. Бірақ әкеміз оған келіскен жоқ. Сол сияқты билік партиясынан да бізге мүше болыңыз деген ұсыныстар келді. Сонда әкеміздің берген жауабы: «Мен және менің кейіпкерлерім өз алдына бөлек партиямыз» деді. Осындай мысалдар күнделікті көз алдында болып тұрған соң әкеміздің өнегесін бойымызға сіңіріп өстік, сондай болуға тырыстық.

Біздің әулеттің балалары түгел оны «Ауа» деп атайтын. Соңғы кезге дейін «Ауаның қалы қалай?» деп сұрап жататын. Бұл қайдан шыққан лақап десем, әкеміздің үлкен ағасы Ниязбектің Салтанат деген қызы кішкентайында «аға» дегенге тілі келмей «ауа» деп кеткен екен. Содан бәріміз әкемізді «ауа» атап кеттік. Кейін Салтанаттан сұраймын ғой, «неге ауа деп кеттің?» десем «қазаққа ауадай қажет болсын деп ауыма Құдай салған шығар» дейтін.

Сол рас болып шықты. Қазақстанның қоғамдық өмірінде қандай да бір жағымсыз, ерсі құбылыстар болса әкеміз соны сынга алып мақала жазатын. Және қателеспейді. Алдын ала бәрін біліп, болжап отырғандай әсерде боласың. Мысалы, жалған тарих жазатындарды бет-жүзіне қарамай қатты сынады, 2011 жылы Жаңаөзен оқиғасы кезінде халыққа оқ атқан билікті сынап, жазушылардың атынан өз пікірін айтты. Ал 2012 жылы «Диктатордың ажалы» деген хикаят жазылып, ол «Әріп пен Сара» атты жинаққа кірді. Өте қырағы қарт қызметкер диктаторлардың арасынан біреуді тұңғыш Президентке ұқсатады. Сол хикаят үшін Үржар ауданында тарап кеткен 150 жинақты қайта тізімдеп жинап, өртеген болатын. Міне, тәуелсіздік кезінде кітабы өртенген жалғыз жазушы Қабдеш Жұмаділов болды. Қызық болғанда «Диктатордың ажалы» хикаятында 2022 жылғы Қаңтар оқиғасы болжанады ғой.

Қазір әкеміздің мұрасын сұранасы қарай кезек-кезек бастырып шығарып жатырмыз. Ол іспен Дәрмен деген бауырым айналысуда. Биыл әкеміздің жиырма томдық толық шығармалар жинағын дайындап жатырмыз. Құдай қаласа, шығып қалады.

Қабдеш Жұмаділовтың 90 жылдығына орай кітапханаларда, мектептерде әртүрлі кездесулер мен конференциялар өтуде. Мысалы, «Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер» саласы бойынша білім алушы жастардың ұйымдастыруымен Қабдеш Жұмаділовтың туғанына 90 жыл толуына орай дәстүрлі «Жұмаділов оқулары» аясында «Баспа үдерісіндегі әдеби шығарма: тарихи романдардың рецепциясы мен интерпретациясы» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция ұйымдастырылды.

Қабдеш Жұмаділов есімі аталғанда, ең алдымен, ұлт тарихы, шекараның арғы бетіндегі қазақ тағдыры, азаттық рухы, шындықты бүкпей айтатын қаламгерлік мінез еске түседі. Сондықтан бұл жиынның өзегі де – жазушының әдеби мұрасын жаңа көзқараспен зерделеу, бүгінгі жас ұрпаққа қайта таныту болды.

## БАЙҚАУ

## Жетісу облысы әкімінің БАҚ өкілдері арасындағы «Құлагер» байқауының ЕРЕЖЕСІ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Жетісу облысы әкімі «Құлагер» сыйлығы үшін журналистер арасындағы байқау – облыстағы бұқаралық ақпарат құралдары (бұдан әрі – БАҚ) мен жаңа медиа өкілдері арасында дәстүрлі түрде өткізілетін байқау. Байқаудың ұйымдастырушысы – Жетісу облысының ішкі саясат басқармасы (бұдан әрі – ІСБ).

1.2. «Құлагер» байқауы Жетісу облысының дамуын ақпараттық қолдауға бағытталған облыстық ауқымдағы іс-шара.

1.3. Байқауға Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өзге де өзекті мәселелерін жариялап жүрген штаттық немесе штаттан тыс авторлар, өңірлік газеттердің редакциялары, телерадиокомпаниялар, шығармашылық бірлестіктер, ақпараттық агенттіктер мен жаңа медиа өкілдері қатыса алады.

**БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

2.1. Жетісу облысы әкімінің БАҚ өкілдері арасындағы «Құлагер» байқауы халықты облыс аумағында атқарылып жатқан жұмыстардан хабарлар ету мақсатында өтеді.

2.2. Байқаудың негізгі мақсаттары:

– Бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту және ілгерілету;
– Жаңа медианы танымал ету (блогинг, мобильді журналистика және т.б.);
– Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын көрсету.

2.3 Байқаудың негізгі міндеттері:

Баспа, электронды БАҚ және жаңа медиа өкілдерінің кәсіби дамуын, шығармашылықта өзін-өзі дамытуын моральдық және материалдық тұрғыда ынталандыру;
Облыстағы журналистика қоғамдастығында жаңа перспективалы есімдерді анықтау.
**КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

3.1. Жетісу облысы әкімінің БАҚ өкілдері арасындағы «Құлагер» байқауына қатысушылар:

– Өңірлік БАҚ, Республикалық БАҚ облыстағы меншікті қызметкерлері;
– Жеке үміткерлер – өңірлік және республикалық БАҚ-та жұмыс істейтін журналистер (штаттық және штаттан тыс қызметкерлер), облыстық, қалалық, аудандық мерзімді басылымдар, телерадиокомпаниялар мен басқа да ақпараттық ұйымдардың өкілдері.

3.2. Үміткер ұсынылған материалдардың заңды құқықтарына толық жауапты. Үміткер туралы ақпарат өтінімді толтыру кезінде қолданылған орфография мен пунктуацияны сақтай отырып жарияланады;

3.3. 2022-2025 жылдардағы конкурстың жеңімпаздары ағымдағы конкурсқа қатыспайды.

**КОНКУРС АТАЛЫМДАРЫ**

4.1. Байқау келесі аталымдар бойынша өткізіледі:

«Үздік мақала»;
«Үздік телесюжет»;
«Үздік операторлық жұмыс»;
«Үздік техникалық редактор»;
«Үздік журналистік зерттеу»
«Үздік фото».

**АРНАЙЫ НОМИНАЦИЯЛАР**

«Үздік баспасөз қызметі»;
«Ардагер журналист»;
«Бейсен Құранбек атындағы кәсіби шеберлігі үшін».

**КОНКУРС МАТЕРИАЛДАРЫН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ:**

5.1. Байқау бір кезеңде өткізіледі.

5.2. Үміткерлер тек бір номинацияға ғана қатыса алады. Тіркелген баспасөз, электрондық БАҚ-та және жаңа медиада 2025 жылғы 1 маусымнан бастап 2026 жылғы 18 маусым аралығында эфирге шыққан, жарияланған бір материал ұсынылуы тиіс.

5.3. Берілген материалдардың біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау үшін ұйымдастырушылар әділқазылар алқасын құрып, бекітеді. Қазылар алқасы тиісті біліктілік талаптарына сәйкес материалдарды сараптамалық бағалау әдісімен саралайды.

5.4. БАҚ материалдарын бағалау өлшемдері (1-ден 5 балға дейін):

Ұсынылған аталымға сәйкестігі;
Мәселенің әлеуметтік маңызын азаматтық тұрғыдан көрсету шеберлігі;
Материалды ұсынудағы жаналық және ерекшелік, кәсібилік пен публицистикалық шеберлік;

Жарияланым сапасы (тұжырымдар, цифрлар, фактілер);
Фотосуреттердегі арнайы эффектілер 30%-дан аспауы керек, авторлық құқық бұзылмауы қажет.

**БЕЙНЕМАТЕРИАЛҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР:**

Файл көлемі: 25 Гб дейін;
Формат: mp4;
Видеокөдек: H264 (MainConcept);
Bitrate: 3 600-ден 10 000 kbps-ге дейін;
Разрешение: 1280x720 немесе 1920 x 1080;
Framerate: 25fps;
Keuyframe: әркайсысы 25;

Қажет болған жағдайда қазылар алқасының мүшелері әр номнинацияға қосымша талаптар қоюы мүмкін.

**БАЙҚАУДЫҢ ӨТУ ТӘРТІБІ**

6.1. Өтінімдер 2026 жылдың 4 маусымынан 18 маусым сағат 18.00 дейін қабылданады.

6.2. Байқаудың қазылар алқасы берілген материалдарды бағалайды және ең үздік жұмыстарды іріктейді, солардың ішінен жеңімпазды анықтайды. Материалдардың авторы қазылар алқасы үшін жасырын болады.

**БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ**

7.1. Байқауды үйлестіру ұйымдастыру комитетіне жүктеледі.
7.2. Ұйымдастыру комитеті байқауды өткізу кезінде деректер базасын әзірлеп, оның ішіне байқауға қатысушылардың жіберген жұмыстарын, байқауға қатысушылардың тізімін, байқау жеңімпаздарының тізімін енгізеді.

7.3. Ұйымдастыру комитеті жұмыс барысында осы Ережені басшылыққа алады.

**КОНКУРСТЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ**

8.1. Конкурстық жұмыстарды бағалау үшін ұйымдастыру комитеті әр аталым бойынша қазылар алқасын құрады;

8.2. Қазылар алқасы ізденушілер ұсынған материалдарды қарайды, саралайды және сараптамалық бағалау жасайды;

8.3. Қазылар алқасының құрамына конкурстың ұйымдастырушысы – қоғамдық журналистік ұйымдардың, республикалық және аймақтық БАҚ өкілдері, қоғамдық бірлестіктер және т.б.

8.4. Қазылар алқасы байқау ұйымдастырушылары тарапынан бекітіледі.

**КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ**

9.1. Қазылар алқасы конкурстың қорытындысы бойынша жеңімпаздарды анықтайды.
9.2. Марапатқа лайық материалдар болмаған жағдайда қазылар алқасы жүлделі орын бермеу жөнінде байқау ұйымдастырушыларына ұсыныс жасауға хақылы.

9.3. Ресми қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды бағалы сыйлықтармен марапаттау 2026 жылдың 26 маусымда өтеді. Ресми марапаттау салтанатына жүлделі орын алған журналистер, журналистік ұжымдар, қазылар алқасының мүшелері, ұйымдастырушылар мен демеушілер, мемлекеттік органдардың, іскер, академиялық және журналистік топтардың өкілдері қатысады.

9.4. Қазылар алқасымен анықталған байқаудың жеңімпаздары сертификатпен, мүсіншемен және ақшалай сыйақымен марапатталады.

**БАЙҚАУҒА МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰСЫНУ ШАРТТАРЫ**

10.1. Байқауды өткізудің белгіленген мерзімінен бұрын немесе кейін жарияланған, сондай-ақ, бұрын жарияланып, қайта басылған материалдар байқауға қабылданбайды. Ұсынылған материалдардың коммерциялық сипаты болмауы керек.

10.2. Конкурстық материалдар келесі мекенжайда қабылданады: Талдықорған қаласы, Балапанов көшесі, №28-үй, Жетісу облысының ішкі саясат басқармасы немесе мына электрондық мекенжай бойынша: 7su-smi@mail.ru .

10.3. Байқау жұмыстарының тілі – қазақ, орыс;

10.4. Материалдар баспа немесе электрондық түрде қабылданады.

10.5. Электронды басылымдарда өтінімдерді қабылдаудың шарттары: Материалдар MP4, full HD форматта қабылданады; Материалдың хронометражы 5 минуттан аспауы тиіс; Фотосуреттер ең төменгі кеңейтумен 2398x3602 пиксельден бастап.

10.6. Конкурстық материалдар өңделмейді және қайтарылмайды. Байқауға берілген материалдар бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ, интернет ресурстарда және басқа да дереккөздерде толық немесе ішінара жариялануы мүмкін.

Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Қоғалы арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде тұрған Шынжырбекова Альфия Игибаиевна 02.12.2016 ж., Стрельцова Любовь Ивановна 06.03.2017 ж., Зубов Виктор Иванович 04.05.2017 ж., Прядухин Виктор Васильевич 20.06.2017 ж., Метбаева Баян Есімбайқызы 14.09.2017 ж., Кулқанбаев Ерлан Болатханович 21.04.2018 ж., Молод Владимир Алексеевич 28.04.2018 ж., Семенов Михаил Иванович 10.05.2018 ж., Цыпलाков Валерий Иванович 16.10.2018 ж., Асубаев Мурат 23.10.2018 ж., Мулагалиев Равиль Кабирович 07.10.2019 ж., Тоқанов Даулетбек 01.07.2020 ж., Утебаев Иосиф Зейнелгабденович 05.07.2020 ж., Шевцов Виктор Анатольевич 21.07.2021 ж., Кулмуратов Серик Шуренович 04.09.2021 ж., Гладышева Алена Николаевна 25.03.2017 ж., Журбина Ирина Федоровна 03.02.20256 ж., қайтыс болуларына байланысты жеке шоттарында қалған ақшалай қаражатқа қатысты мұрагерлерін анықтау мақсатында іздеу жарияланады.

Осыған байланысты қайтыс болған қызмет алушылардың мұрагерлері немесе олар туралы мәлімет бар тұлғалар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 (бір) жыл мерзім ішінде төменде көрсетілген мекенжайға немесе байланыс телефондарына хабарласуы тиіс. Белгіленген мерзімде жүгінбеген жағдайда, шоттарда қалған ақшалай қаражатқа қатысты мәселе ҚР қолданьстағы заңнамасына сәйкес қаралатын болады. Мекенжайы: Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Қоғалы ауылы, Шөкәрім көшесі, №5. Телефон: 8-728-42-9-11-20, 87773992921, 87772500474.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «Zhetysu Gold Limited» ЖК ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: «Жетісу облысындағы Онжас кен орнын игерудің тау-кен жұмыстары» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп.

Есер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы. Жұмыс жүргізілетін учаскенің ауданы 180 гектарды құрайды. Жоба учаскесінің координаттары: 1. 44° 31' 36.4409" с.е., 79° 4' 49.0885" ш.б.; 2. 44° 31' 31.5306" с.е., 79° 5' 7.6802" ш.б.; 3. 44° 31' 26.5105" с.е., 79° 5' 10.2161" ш.б.; 4. 44° 31' 20.2664" с.е., 79°5' 22.5695" ш.б.; 5. 44° 31' 20.3768" с.е., 79° 5' 29.1725" ш.б.; 6. 44° 31' 36.9454" с.е., 79° 5' 59.6208" ш.б.; 7. 44° 31' 59.3354" с.е., 79° 5' 59.4141" ш.б.; 8. 44° 31' 59.111" с.е., 79°4' 27.8395" ш.б.; 9. 44° 31' 36.0958" с.е., 79°4' 28.5982" ш.б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 15 шілде сағат 11.00-де Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Шұбар ауылдық округі, Онжас ауылы, Балқашев көшесі, 16, орта мектеп ғимаратында өтеді.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://teams.microsoft.com/meet/41515308621552?p=IRaBW6RF9ZMMNkqkz3; Конференция идентификаторы: 415 153 086 215 52; кіру коды 9FC69Xs7.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Байланыс сұрақтары бойынша жоспарланған әрекеттің бастамашысына қонырау шалыныз.

Жоспарланған жобаның бастамашысы: «Zhetysu Gold Limited» ЖК, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 12/1 ғимараты, 32-кенсе. БСН — 251140901031, тел.: +7 701 765 0085, e-mail: ravil\_mr@inbox.ru.

Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС (26.11.2014 ж. № 01714Р мемлекеттік мекемесінің сайтында танысуға болады. «Мұнай-газ секторындағы экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесі берген. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі»). Мекенжайы: Алматы қ., Бұқар жырау, 33, «Женіс» БО, оф.50, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz

Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйе https://ndbecology.gov.kz/ сайтында, сондай-ақ, «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО мемлекеттік мекемесінің сайтында танысуға болады.

Жоспарланған жоба туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ, жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін алу мақсатында мына мекенжайлар бойынша хабарласуға болады: «Zhetysu Gold Limited» ЖК. Байланыс тел.: +7 701 765 0085, e-mail: ravil\_mr@inbox.ru және «АНТАЛ» ЖШС. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей Ақпараттық жүйенің ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26-үй, «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады, e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ЧК «Zhetysu Gold Limited», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях к «Плану горных работ на месторождении Онжас в области Жетісу».

Территория воздействия: Республика Казахстан, область Жетісу, Кербулакский район. Площадь участка ведения работ составляет – 180 га. Координаты участка: 1. 44° 31' 36.4409" с.ш., 79° 4' 49.0885" в.д.; 2. 44° 31' 31.5306" с.ш., 79° 5' 7.6802" в.д.; 3. 44° 31' 26.5105" с.ш., 79° 5' 10.2161" в.д.; 4. 44° 31' 20.2664" с.ш., 79°5' 22.5695" в.д.; 5. 44° 31' 20.3768" с.ш., 79° 5' 29.1725" в.д.; 6. 44° 31' 36.9454" с.ш., 79° 5' 59.6208" в.д.; 7. 44° 31' 59.3354" с.ш., 79° 5' 59.4141" в.д.; 8. 44° 31' 59.111" с.ш., 79°4' 27.8395" в.д.; 9. 44° 31' 36.0958" с.ш., 79°4' 28.5982" в.д.

Общественные слушания состоятся 15 июля 2026 года в 11.00 часов по адресу: РК, область Жетісу, Кербулакский район, сельский округ Шұбар, с. Онжас, ул. Балқашев, 16, здание СШ.

Для участия в общественных слушаниях онлайн необходимо пройти по ссылке: https://teams.microsoft.com/meet/41515308621552?p=IRaBW6RF9ZMMNkqkz3; Идентификатор конференции: 415 153 086 215 52, Код доступа: 9FC69Xs7.

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.

Инициатор намечаемой деятельности: ЧК «Zhetysu Gold Limited», Республика Казахстан, г. Астана, ул. Д.Қонаев, 12/1 оф. 32. БИН – 251140901031, тел: +7 701 765 0085, e-mail: ravil\_mr@inbox.ru.

Разработчик: ТОО «АНТАЛ» (Государственная лицензия № 01714Р от 26.11.2014 г. выдана РГУ «Комитет экологического регулирования, контроля и государственной инспекции в нефтегазовом комплексе. Министерство энергетики РК»). Адрес: г. Алматы, Бухар Жырау 33, БЦ «Женис», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Информационной системы https://ndbecology.gov.kz/, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу».

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: ЧК «Zhetysu Gold Limited». Контактный тел.: +7 701 765 0085, e-mail: ravil\_mr@inbox.ru или ТОО «АНТАЛ». Тел/факс: 8(727) 376-33-42. e-mail: office@antal.kz.

Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний на сайте Информационной системы ndbecology.gov.kz, также по адресу: Область Жетісу, город Талдықорған, улица Қабанбай батыра, № 26. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», e-mail: priroda@zhetisu.gov.kz.



### ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ЕЖЕГОДНОГО ПОЛУГODOVОГО ОТЧЕТА

В соответствии с требованиями п.9. ст.25 Закона РК «О естественных монополиях», ТОО «КараталТранзит» оповещает о проведении 29 июня 2026 года в 10.00 часов ежегодного отчета о деятельности предприятия за полугодие 2026 года, по виду предоставляемой регулируемой услуге «Передача и распределение электрической энергии». На территории ТОО «КараталТранзит», по адресу: г. Талдықорған, ул. Абая строение 339 – действует пропускной режим, в связи с этим будет предварительно формироваться список слушателей, срок которого истекает в 10.00 часов 26 июня 2026 года.

## БЕЙБІТ ТЫНЫМБАЙҰЛЫ ОСПАН

Облыстық ардагерлер кеңесі қоғамдық бірлестігі республикалық «Ардагерлер ұйымы» орталық кенесінің қызметкері Бейбіт Тынымбайұлы Оспанның мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасы мүшелері мен туған-туыстарына, әріптестері мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бейбіт Тынымбайұлы саналы ғұмырын ел игілігіне, ұлт руханияты мен қоғамның дамуына арнаған тұлға еді. Ол 1966 жылы Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Көкпектікөл ауылында дүниеге келген. 1983 жылы Киров атындағы орта мектепті тамамдап, Қазақ мемлекеттік университетінен журналист мамандығын алып шықты. Еңбек жолын аудандық баспасөзден бастап, журналистика саласында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырды. «Ел» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы, Ақмола облыстық телерадиокорпорациясының қазақ редакциясы ақпарат бөлімінің бас редакторы, «Ақпар-Медиа» және «Нұрқанат» серіктестіктерінің бас директоры, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің басқарма басшысы сынды қызметтерді абыроймен атқарды. Марқұм білікті журналист әрі басшы ғана емес, ұлттық мәдениетке үлес қосқан талантты ақын ретінде де ел жадында қалды.

Өмірінің соңғы жылдарында республикалық «Ардагерлер ұйымы» орталық кенесінің жауапты хатшысы қызметін атқарып, ардагерлер қозғалысының дамуына зор үлес қосты. Ол әріптестері арасында беделді, халқына адал қызмет еткен, парасатты тұлға ретінде есте қалады. Адамгершілігі, іскерлігі мен әріптестеріне деген сыйластығы оны баршаға құрметті етті.

Марқұмның жарқын бейнесі мен елі үшін сіңірген еселі еңбегі оны білетін жандардың жүрегінде мәңгі сақталады. Орны толмас қайғыға ортақтасып, отбасы, ет жақындарына сабыр мен төзім тілейміз. Бейбіт Тынымбайұлының топырағы торқа, жаны жаннатта болғай!

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ**



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйдө, “Алматы – Болашақ” АҚ филиалы “Офсет” баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

*Тапсырыс – 556*

*«Жетісу Медиа» МКК басылмдарының жалпы таралымы – 6633, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы – 4659. Индексі – 65469.*

**Кезекші редактор: Сарби ӘЙТЕНОВА**

Талдықорғандағы М. Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану музейінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылық мұрасына арналған «Сәкен Сейфуллин: тағдыр мен тағылым» атты көшпелі көрме өтті.



# СӘКЕН ЖЕТІСУҒА ЖЕТІСУҒА ЖЕТІСУҒА

Сарби ӘЙТЕНОВА

АЛҒЫС

Қандай істің болмасын заңдылығын бақылайтын құзыретке ие әрі қоғамның тұрақтылығы мен тыныштығын сақтайтын жалғыз орган прокуратура. Бүгінде прокуратура органдары озық технологияларды жетік меңгеріп, азаматтардың барлық арыз-шағымы мен талап-тілегін жедел қабылдап алу жүйесін іске қосқан. Осылайша прокуратура органдары қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етіп, мемлекет мүддесін қорғауға қалтқысыз қызмет етіп келеді. Маңызды мақсатты мойнына жүктеген құзыретті құрылымда білікті мамандар жеткілікті. Солардың қатарында Ақжол Саматұлы сынды азамат бар. Осындай білікті маманның еселі еңбегіне және қалтқысыз жұмыс істеуіне қалалық прокуратура басшылығы жан-жақты қолдау білдіруде.


## Заң үстемдігінің сақшысы

Ол алғашында жер қатынастары саласындағы заңдылықтың сақталуын қадағалау бойынша жұмыс атқарды. Кейін кәметке толмағандардың құқықтарын қорғау және олардың арасындағы құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша еңбек етті. Бұл ретте жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, буллинг және суицидтік мінез-құлдың алдын алу бағытында қарқынды жұмыс жүргізді. Қазір ҚР Конституциялық құрылысына, қоғамдық тұрақтылыққа, ұлттаралық және конфессияаралық келісімге әсер етуі мүмкін тәуекелдер мен деректерді зерделеп, олардың алдын алу бойынша тиісті шараларды ұйымдастыруға қатысады.

Білікті маман азаматтарды қабылдау және олардың өтініші мен мәселелерін шешу жұмыстарына ерекше жауапкершілікпен қарайды. Қызмет барысында тұрғындардың құқықтық мәселелеріне бейжай қарамай, заң аясында қажетті көмек көрсетеді. Кейбір мәселелер прокуратура органдарының тікелей құзыретіне жатпаса да құқықтық сүйемелдеу көрсету арқылы халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттыруға өз үлесін қосып келеді. Себебі, Ақжол Саматұлы – заң үстемдігін қамтамасыз етіп жүрген тұлға.

Айсаян МҰХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ  
Талдықорған қаласы

## Ақ жол, жас түлек!



Талдықорғандағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде жүрек толқытар ерекше сәт – Соңғы қоңырау мерекесі аталып өтті. Бұл күн – мектеп қабырғасында білім алып, армандарын асқақтатқан түлектер үшін ұмытылмас кезеңнің аяқталып, жаңа өмір жолының басталар шағы.

Сыңғырлаған соңғы қоңырау үні әр түлектің жүрегінде ерекше сезім ұялатты. Бірі балалық шақпен қоштаса, енді бірі ұстаздарының ақыл-кеңесін жүрегіне түйіп, болашаққа нық қадам басуға дайын екенін сезінді. Мектеп қабырғасында өткен жылдар достыққа, ізденіске, жетістікке және өмірлік сабаққа толы алтын кезең болып қала бермек. Салтанатты шара барысында мектеп әкімшілігі, ұстаздар мен ата-аналар түлектерге ажарма тілентіріп арнап, үлкен өмір жолында сәттілік тіледі. Ұстаздар шәкірттеріне білім мен тәрбиенің шамшырағын ұсынып, қай жерде жүрсе де адамгершілік пен жауапкершілікті серік етуге шақырды.

Түлектеріміздің жетістіктері – мектеп мақтанышы. Солардың бірі – Абдумажит Наметов. Ол Токио Халықаралық университетінің Data Science және Жасанды интеллект бағдарламасының 100% грант иегері атанып, SUNK Shenzhen университетінің Inspirational Scholarship грантын жеңіп алды және НКВU университетіне қабылданды. Абдумажит Еуразиялық информатика олимпиадасының және республикалық информатика олимпиадасының қола жүлдегері, республикалық және халықаралық деңгейдегі көптеген олимпиада мен бағдарламалау жарысының жеңімпазы. Сонымен қатар, олимпиадалық бағдарламалау клубының президенті ретінде жас буынның дамуына елеулі үлес қосты. Ол оқуын Токио қаласында Data Science және «Жасанды интеллект» мамандығы бойынша жалғастырады.

Тағы бір мақтанышымыз – Сабыр Айым. Ол Назарбаев университетінің Institute of Smart Systems and Artificial Intelligence Summer Research Program бағдарламасының толық грант иегері және зерттеу ассистенті болды. World Robot Olympiad, NIS AI Olympiad, KBTU Data Camp және басқа да беделді жарыстардың жүлдегері атанған Айым өз білімін Біріккен Араб Әмірліктеріндегі Mohamed bin Zayed University of Artificial Intelligence университетінде Artificial Intelligence мамандығы бойынша жалғастырады.

Есет Дүйсенбиев те халықаралық деңгейдегі жоғары жетістіктерімен ерекшеленді. Ол HKU (Гонконг), SUNK Shenzhen (Қытай) және UNIST (Корея) университеттерінің грантын иеленді. HKU университеті әлемнің үздік жоғары оқу орындарының қатарында болса, UNIST пен SUNK Shenzhen де халықаралық рейтингтерде жоғары орындарға ие. Есет болашақ мамандығы ретінде Computer Science, Electrical Engineering және Data Science бағыттарын тандады.

Сыныбымыздың барлық түлегі жоғары оқу орындарына оқуға түсіп, грант иегері атанды. Түлектеріміз Қытай Халық Республикасы, Гонконг, Оңтүстік Корея, Италия, Біріккен Араб Әмірліктері, Катар және Жапония секілді елдердің беделді университеттеріне қабылданып, білімдерін халықаралық деңгейде жалғастыру мүмкіндігіне ие болды. Бұл – олардың қажырлы еңбегі мен ұстаздар тілегінің жемісі, мектебіміздің сапалы білім беру жүйесінің айқын көрсеткіші. Бүгінгі жас түлектер – еліміздің ертеңі, жарқын болашағы. Олардың әрқайсысы өз арманына жетіп, биік белестерді бағындыратынына сенім мол. Алда сан түрлі сынақ пен мүмкіндік күтіп тұр. Сол жолда мектептен алған білімдері мен бойларына сіңірген құндылықтары әрдайым бағыт-бағдар берері сөзсіз.

Қымбатты түлектер, сыңғырлаған соңғы қоңырау сіздерді жаңа белестерге бастап, үлкен өмірдің есігін айқара ашсын! Армандарыңыз асқақ, қадамдарыңыз нық, жолдарыңыз ашық болсын! Ақ жол, жас түлектеріміз!

Маржан ТЛЕУҚАБЫЛ,  
сынып кураторы

